

## Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№п п/п	Критерилер	Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету)	«Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбы ҚР мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Жұмыс ғылымға ішінара үлес қосады. Отандық және шетел ғалымдарының бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруға байланысты зерттеулерін жүйелеп, талдаған. Отандық мектептердегі дене шынықтыру сабақтарында қолдануға арналған дидактикалық құралын ұлттық мазмұнда ұсынған. Әйтсе де, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін ұлтты-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың тиімді жолдары жеткілікті дәрежеде көрсетілмеген.
3.	Дербестік принципі	Дербестік деңгейі: 1) жоғары 2) орташа; 3) төмен	Жұмыстың дербестік деңгейі орташа. «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курсы мен «Асық» үйірме жұмысының

		4) дербестік жок	мазмұны өзіндік дербестікке ие. Әйтсе де, ұлттық-қозғалмалы ойындардың жаңа түрлерін жаңғырту деректері мен оны іске асыру механизмі бастауыш сынып оқушыларының танымдық ерекшеліктеріне сай көрсетілмеген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі ішінара негізделген. Зерттеудің негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру болғанымен өзектілікті көрсетуде ұлттық-қозғалмалы ойындардың қажеттілігіне басымдық берілген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді: 1) көрсетеді; 2) ішінара көрсетеді; 3) көрсетпейді	Диссертация мазмұны тақырыпты ішінара ашып көрсетеді. Себебі, диссертация тақырыбына сай кейбір аспектілер ашылмай қалған. Мысалы, бастауыш сыныптағы дене шынықтыру сабақтарының барысы мен оның танымдық белсенділікті қалыптастыру жағдайы тек қана сауалнамамен ғана анықталуы жеткіліксіз. Бастауыш сынып оқушылары өз ойларын толық жеткізе алмауы мүмкін. Сондықтан, қосымша әдістер қолданылуы тиіс еді. Сонымен қатар, жағдайдың себептерін іздестіру, талдау жасау жеткіліксіз болған. Ұсынылған элективті курс бағдарламасының жоспары талапқа сай жасалмаған, мазмұны ашып көрсетілмеген. Эксперимент барысы жеткілікті сипатталмаған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына ішінара сәйкес келеді. Зерттеу міндеттерін орналастыруда логикалық сәйкессіздіктер орын алған. (Тақырып бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруды көздегенімен, міндетте ең алдымен ұлттық-қозғалмалы ойындардың мәнін анықтау көзделген)
		4.4 Диссертацияның барлық	Диссертацияның барлық

		<p>бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен өзара байланысты;</li> <li>2) ішінара өзара байланыс;</li> <li>3) өзара байланысы жоқ</li> </ol>	<p>бөлімдері мен ережелері өзара ішінара байланысады. Тараулар теориялық және мазмұндық деп бөліп қарастырылғанымен, мазмұнда теориялық мәліметтер мен практикалық ақпараттар араласып кездеседі. Ой сабақтастығы мен жүйелілігі, бірізділігі сақталмаған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) ішінара талдау;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың дәйексөздерін білдіреді</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер мен талдаулар өз пікірін емес, басқа авторлар дәйексөздерін білдіреді. Жұмыста сипаттаулар басым. Автордың өз зерттеуін баяндауы жетіскіліксіз.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%);</li> <li>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</li> </ol>	<p>Зерттеудің ғылыми нәтижелері ішінара жаңа(25%).</p> <p>Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың моделі құрылып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері деңгейлері анықталған. Бірақ, ұғымдардың мәні, қалыптастыру шарттары бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруға түрткі болатындай жаңаша тәсілдермен сипатталмаған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның тұжырымдары Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%);</li> <li>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</li> </ol>	<p>Диссертацияның тұжырымдары ішінара жаңа(25%). Жұмыста ұлттық-қозғалмалы ойындар жүйесінің мазмұнын жаңарту бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыратыны тұжырымдалады. Әйтсе де, оны пайдалану механизмі мен тиімділігін тексеру формалары жаңаша форматта сипатталып, қарастырылмайды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері ішінара жаңа.</p>

		жаңа және негізделген болып табылады: 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% ғана жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	Жұмысты орындауда рәсімдеу мен сараптама жасаудың дәстүрлі техникалық бағдарламалары пайдаланылған. Әйтсе де, инновациялық технологияларды пайдалану зерттеу шынайылығын дәлелдей түсер еді.
6.	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдарға дайындық бағыттары үшін)	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге жеткілікті түрде негізделмеген. Зерттеуде негізге алынған «Белсенділік», «Таным», «Танымдық белсенділік» түсініктері ғалымдар зерттеулеріне контент талдау негізінде дәлелденіп, жүйеленген. Бірақ, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру моделі, оны іске асыру технологиялары автордың өзіндік зерттеулері мен тұжырымдары негізінде жеткілікті дәрежеде сипатталып, негізделмеген.
7.	Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша мынадай сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Жағдай дәлелденді ме? 1) дәлелденген; 2) жартылай дәлелденген; 3) жартылай дәлелденбеген; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиальды ма? 1) иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең  7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	7.1 Жартылай дәлелденген.  7.2 Ия, тривиальды  7.3 Жоқ. Жаңа емес  7.4 Қолдану деңгейі кең. Мектептің бастауыш сыныптарында және ЖОО-дағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда, ата-аналармен жұмыста пайдалануға болады.  7.5 Мақалада негізінен ұлттық-қозғалмалы ойындардың бастауыш сынып оқушылары үшін маңыздылығы дәлелденген.
8.	Шынайылық принципі Дереккөздер мен	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдістеме	Әдіснаманы таңдау негізделмеген, ал әдістемесі

	ұсынылатын ақпараттың шынайылығы	толық сипатталған 1) иә; 2) жоқ	жеткіліксіз (шашыраңқы) сипатталған.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: 1) иә; 2) жоқ	Ия. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологиялар негізінде диаграммалармен, пиктограммалармен көрсетілген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ	Эксперимент мазмұны ашылмаған. Алынған нәтижелер қандай әдістер негізінде алынғандығы ашып көрсетілмеген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз	Алыс шетел немесе импакт факторлы журналдардағы зерттеулерге шолу және өз мақалаларына сілтемелер жеткілікті дәрежеде қамтылып берілмеген.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) иә; 2) жоқ	Ұғымдардың мәні мен мазмұны теориялық тұрғыдан айқындалып, сипатталғанымен шарттары мен моделі жеткілікті дәрежеде негізделіп, ашылмаған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары:	Мұғалімдерге арналған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» атты элек-

		1) иә; 2) жоқ	тронды оқу құралы әзірленген. Бірақ, «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курс бағдарламасының жоспары мен мазмұны жеткілікті дәрежеде ашылмаған.
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%-ы ғана жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	Тәжірибеге арналған ұсыныстары ішінара жаңа. Өйткені, тақырыптарда өзгерістер мен жаңа толықтырулар болғанымен, ұсынылып отырған шаралардың формалары дәстүрлі, белгілі әрекеттер.
10.	Жазу және безендіру сапасы	Академиялық жазудың сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташа деңгейден төмен; 4) Төмен.	Академиялық жазудың сапасы орташа деңгейден төмен. Себебі, ой шашыраңқы баяндалған, зерттеудің логикалық бірзділігі мен сабақтастығы сақталмаған.
11.	Шешім:	Ресми рецензенттер пікірлеріне мына шешімдердің бірін көрсетеді: 1. Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау; 2. Диссертацияны пысықтауға жіберу; 3. философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.	2. «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертацияны пысықтауға жіберу.

Ресми рецензент:  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
профессоры, п.ғ.д.:

Қ.Т.Атемова

КОЛЫ  
РАСТАЙМЫН:  
Қ.А.Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті  
Кадр бөлімінің  
бастығы

